


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

«Жер ресурстарын басқару,
сәулет және дизайн»
факультетінің деканы

 Ж.З.Толубекова
« 04 » 2023 ж.

6B07303-«Кадастр»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(бағдарламаның атауы)

Білім беру саласының коды және жіктелуі:

6B07 - «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары»

Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі:

6B073-«Сәулет және құрылыс»

Білім беру бағдарламаларының тобы:

B075 Кадастр және жерге орналастыру

Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесіндегі код: **0730**

Біліктілігі: **«Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры**

Оқу мерзімі: 4 жыл

Астана, 2023

Авторлық ұжым:

1. Аты-жөні- ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, жұмыс орны

- Құрманова Гүлнара Кеңесқызы - э.ғ.д., «Кадастр» кафедрасының қауымдастырылған профессоры-төраға;
- Абельдина Рауза Калтаевна-э.ғ.к., «Кадастр» кафедрасының доценті;
- Гаркушина Валентина Васильевна - э.ғ.к., «Кадастр» кафедрасының доценті;
- Жанбусинова Марзия Хамзенқызы – «Кадастр» кафедрасының аға оқытушысы;
- Музыка Олеся Сергеевна - «Кадастр» кафедрасының аға оқытушысы;

Өндірістен жұмыс берушілер:


- Саданов М.А. – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалының директоры;
- Дауталинов Р.Б. – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалы - Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің директоры;
- Мукашева М.М. - ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің мемлекеттік жер кадастры басқармасының басшысы;

Авторлық ұжым «С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ» КеАҚ бұйрығы бойынша бекітілген:
№ _____


«Кадастр» білім беру бағдарламасы «Кадастр» кафедрасының отырысында қаралды:
хаттама №/« 05 » 04 _____ 2023 ж.

«Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн» факультетінің кеңесінде мақұлдады:
хаттама № 8-2 «27» 04 2023 ж.

Факультет деканы

 Толеубекова Ж.З.

Кафедра меңгерушісі

 Ахметов Б.Ж.

Мазмұны

№	Компоненттің атауы	Бет
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	6
3.	Түлектің құзыреттілік моделі (портреті)	8
4.	Кәсіби практикадан өту базасы	11
5.	Білім беру бағдарламасының құрылымы	12
6.	Қосымша 1. Оқу процесінің кестесі	22
7.	Қосымша 2. Жұмыс оқу жоспары	23

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Кадастр және жер қатынастарын реттеу саласындағы басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық-талдау және инновациялық қызметте кәсіби мәселелерді шешуге қабілетті, жұмыс берушілердің талаптарына және еңбек нарығының сұраныстарына жауап беретін жоғары білікті бакалаврларды даярлау.

- студенттердің жеке білім беру траекторияларын тандауы;
- дайындық бағыты бойынша іргелі білімді практикалық дағдылармен үйлестіруге мүмкіндік беретін тәжірибеге бағытталған оқыту; ЖОО түлектерінің белсенді кәсіби және әлеуметтік қызметке дайындығын қалыптастыру;
- патриотизм, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет рухында тәрбиелеу;
- түлектердің жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру;
- экологиялық, дене шынықтыру, этикалық, құқықтық мәдениетті, ойлау мәдениетін қалыптастыру; оларды кәсіби қызметте іске асыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

1.2 Оқыту нәтижелері

ОН 1. Кәсіби қызмет саласында мемлекеттік және шет тілдерінде өз ойын жеткізе білу;

ОН 2. Кадастрдың және жерге орналастырудың теориялық негіздері; топырақтың негізгі түрлерінің құрамы, қасиеттері және жіктелуі, ауыспалы егістің ғылыми негіздері, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің морфологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен агротехникасын білу;

ОН 3. Геодезия, фотограмметрия негіздерін білу, жерді қашықтықтан зондтау технологиялары; геодезиялық өлшемдерді орындай білу, топографиялық карталарды құрастыру технологиясын білу; қолмен жұмыс режимін декарталар мен жобаларды жобалау және сызу, сондай-ақ компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып ресімдеу және сызу дағдыларын меңгеру;

ОН 4. Табиғи ресурстар кадастрының теориялық негіздері мен түрлерін білу, жер мониторингі дағдыларын меңгеру, кадастр және жер қатынастарын реттеу саласындағылыми зерттеулер жүргізе пайдалану;

ОН 5. Жерді бағалау әдістерін білу, жердің кадастрлық құнын анықтау және салық салу мақсатында жерді аймақтарға бөлу бойынша практикалық дағдыларды меңгеру, жердің құнын, рента, жер және мүлік салығын есептей қолдану;

ОН 6. Жер ресурстарын басқару, жер-кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау бойынша дағдылар иелену;

ОН 7. Жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау және болжау бойынша жұмыстар жүргізу, аумақтарды дамыту схемаларын жасау, қала құрылысын дамытуды жоспарлауда аумақтарды талдау мен бағалауды жүргізу, қала құрылысын дамытуды басқарудың кешенді жүйесінің моделін жасау;

ОН 8. Жер заңнамасын, кадастр және жылжымайтын мүлікті бағалау саласындағы нормативтік құжаттарды білу, жер құқық бұзушылықтарын анықтау

және оларды жауапкершілікке тарту мақсатында жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

ОН 9. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, жерді есепке алуды жүргізу, жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру, қала құрылысы кадастрын жүргізу дағдыларын меңгеру, ғимараттар мен құрылыстардың техникалық паспорттарын жасау;

ОН 10. МЖК ААЖ жүйесінде тәжірибелік жұмыс дағдыларын меңгеруі, жер-кадастрлық жұмыстарды орындау кезінде ГАЖ технологияларын қолдануы, жылжымайтын мүлік кадастры жүйесінде онлайн форматта қызметкөрсету мақсатында электрондық үкімет жүйесінде жұмыс істей білуі;

ОН 11. Кеңістіктік талдау жүргізу, векторлық деректері бар растрларды талдау, Жер ресурстарын басқару саласындағы халық шаруашылығының міндеттерін шешуде жер-кадастрлық ақпаратты қолдану.

2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

2.1 Стандарттарға сәйкестік

6807303-«Кадастр» білім беру бағдарламасы ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублиндік дескрипторлармен және Еуропалық біліктілік шеңберіне (ESG, standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area) және жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жобалау бойынша әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әзірленді.

«Кадастр» білім беру бағдарламасы өте өзекті, өйткені нарықтық қатынастарға көшу кезінде жер мүлдем басқа мәртебеге ие болды, атап айтқанда жылжымайтын мүлік мәртебесі. Нәтижесінде республикада кадастрды жүргізуге негізделген, оның құрамдас бөліктері жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жер және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерінің саны мен сапасын есепке алу және оларды бағалау болып табылатын жер нарығы қалыптасып дамуда. «Кадастр» мамандығы бойынша бакалаврлар жерді және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау, әртүрлі мақсаттар үшін жерді аймақтарға бөлу, жер төлемдері, мүлік салығы, электрондық үкімет жүргізу, ГАЖ технологиялары негізінде жер мониторингі, олардың пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау және т.б. саладағы кәсіби құзыреттерді игеруге мүмкіндік беретін пәндер тізбесін зерделейді.

Жақында ел Президенті Ауыл шаруашылығын цифрландыруға баса назар аударды. Осыған байланысты, «Кадастр» білім беру бағдарламасы ГАЖ технологияларын қолдана отырып, ауыл шаруашылығының ғарыштық мониторингін орындай алатын мамандарды даярлауға бағытталған. Ол үшін факультетте ГАЖ-технологиялардың оқу білім беру орталығы және барлық қажетті заманауи жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған мамандандырылған ғылыми-зерттеу зертханалары бар. Білім алушылар қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және ақылы негізде орындалатын шаруашылық келісімді жұмыстарға тартылады, бұл жер-кадастрлық жұмыстарды орындау бойынша практикалық дағдыларды алуға және еңбек нарығында сұранысының қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасын әзірлеуге стейкхолдерлерді (жұмыс берушілер мен тәжірибелі мамандар) тартуға көп көңіл бөлінді. Стейкхолдерлерді тартудың басты мақсаты «Кадастр» мамандығының түлектері арасында кадрларды іріктеу үшін өндіріс талаптарын есепке алу болып табылады. Кафедра жұмыс берушілермен үнемі тығыз байланыс орнатады. Сонымен қатар, білім алушылар олардың кәсіпорындары негізінде өндірістік және диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді. Студенттердің практикалық дайындығын арттыру мақсатында кафедра стейкхолдер кәсіпорындарының базасында дуальды оқытуды жүзеге асырады, бұл түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсер етеді.

Құзыреттерді бағалау үшін ECTS (European Credit Transfer System) кредиттік жүйесін пайдалану көзделеді. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бекіткен кәсіби стандарттарға сәйкес келеді.

2.2 Құрылымы

Білім беру бағдарламасы пәндерді оқытудың модульдік жүйесі негізінде әзірленген және жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын 13 модульден тұрады. 240 кредитті, оның ішінде 213 теориялық оқыту кредитін, 22 кредит көлеміндегі оқу, өндірістік және диплом алдындағы практиканы, қорытынды аттестаттаудың 8 кредитін (дипломдық жұмысты жазу және қорғау) қамтиды.

2.3 Өзектілігі

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұранысы және қоғамның әлеуметтік сұранымы негізінде құрылған. Бағдарлама инновациялық технологиялардың қарқынды дамып келе жатқан нарығы жағдайында сұранысқа ие кең бейінді мамандарды даярлауды көздейді.

2.4 Ерекшеліктері мен бәсекелестік артықшылықтары:

- кадастр саласындағы ғылыми мектептер дәстүрлерінің сабақтастығы;
- кәсіби міндеттердің мазмұнын анықтау үшін кадастр бойынша өндірістік кәсіпорындардан мамандар тарту;
- өндірістік кәсіпорындарда оқыту арқылы білім алушылардың практикалық дайындығын күшейту;
- халықаралық академиялық алмасу (ұтқырлық) бағдарламаларына қатысу арқылы студенттердің коммуникативтік және кәсіби дағдылары мен білімдерін жетілдіру;
- инновациялық геоақпараттық жүйелер мен технологияларды оқыту;
- геодезия, жерге орналастыру және жылжымайтын мүлікті бағалаудың аралас бағыттарында кәсіби қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құзыреттерді алу.

2.5 Білім беру бағдарламасының бірегейлігі:

- қазіргі заманғы қоғамдық даму үрдістерін ескеретін әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық және кәсіптік пәндер саласындағы теориялық даярлықтың жоғары деңгейі;
- өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауапкершілікпен қарауды дамытуға бағытталған білім беру процесіне тұлғалық-бағдарланған тәсіл;
- өзін-өзі дамыту аспектісі, онда кәсіби қызметті ұйымдастыруға баса назар аударылады, оның шеңберінде студент тұрақты кәсіби өзін-өзі жетілдіреді

2.6 Білім беру қызметтерінің сапасын бағалау ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің қатысуымен өтеді және мыналарды қамтиды:

- бакалавр игерген базалық және кәсіптік құзыреттердің күтілетін және қол жеткізілген деңгейін салыстыру арқылы оқыту нәтижелерін бағалау;
- жұмыс берушілердің бакалаврларды теориялық және практикалық даярлау сапасына қанағаттануын айқындау мақсатында дуальды оқыту кезіндегі әріптестікті талдау;
- түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсуіне мониторинг жүргізу.

3Түлектің құзыреттілік моделі (портреті)

3.1 Кәсіби қызмет салалары

«Кадастр» ББ бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің объектілері жердің меншік нысанына және формасына қарамастан ҚР жер қоры болып табылады, сондай-ақ қалалар мен басқа да елді мекендердің шекараларындағы жер учаскелерін қоса алғандағы жылжымайтын мүлік объектілері, олардың құқықтық мәртебесі, тіркелуі, бағалануы, пайдаланылуын бақылау, қалалық орта; кадастрлық ақпараттық жүйелер; жобалық -техникалық құжаттама.

«Кадастр» ББ бойынша бакалаврлардың кәсіби қызмет саласы мынадай ұйымдар мен кәсіпорындар болып табылады:

-«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ 16 облыстық филиалы, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент республикалық маңызы бар қалаларындағы 3 филиалы;

-ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті;

-ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің «Қала құрылысы кадастры» РМК;

«Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ;

-Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) және т.б..

3.2 Кәсіби қызмет түрлері

«Кадастр» ББ бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1) жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру;

2) жердің және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерінің саны мен сапасын есепке алу;

3) жерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды қамтиды:

- жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау;

- елді мекендерде жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін белгілей отырып, бағалау аймақтары шекараларының сызбаларын жасау;

- жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын есептеу;

4) ҚР бағалау стандарттарына сәйкес жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау;

5) жер учаскелері және олардың субъектілері туралы деректер банкін, сондай-ақ басқа да жер-кадастрлық ақпаратты қағаз жеткізгіштерде және электрондық нысанда жинақтау, өңдеу және жүргізу;

6) мемлекеттік жер кадастрының және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу;

7) жер-кадастрлық карталарды, оның ішінде цифрлық карталарды дайындау және жүргізу;

8) жер-кадастрлық кітапты және жер мен жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу;

9) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру;

10) жер-кадастрлық жоспар мен жер учаскелерінің паспорттарын дайындау;

- 11) жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру;
- 12) жергілікті жерде әкімшілік-аумақтық бірліктердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, мемлекеттік орман және су қорлары жерлерінің шекараларын белгілеу;
- 13) жерге түгендеу жүргізу және т.б.

3.3 Жалпы білім беру құзыреттіліктері

ЖББ циклі міндетті компонент пәндерін қамтитын ББ жалпы көлемінің 56 кредитін құрайды: Қазақстан тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шет тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (Саясаттану, Әлеуметтану, Мәдениеттану, Психология). Нәтижесінде бакалаврлар келесі құзыреттерге ие болады:

- 1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарлану негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру;
- 2) болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру негізінде оның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттер жүйесін қалыптастыру;
- 3) мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіптік қарым-қатынас жасау қабілеті;
- 4) өз өмірі мен қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылық;
- 5) өмір бойы өзін-өзі дамыту және білім беру дағдылары;
- 6) қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

3.4 Негізгі құзыреттер

Бакалаврларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар бакалавриаттың Дублиндік дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқу нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттерді көрсетеді. Оқыту нәтижелері бірнеше оқу пәндерін қамтитын жеке модульдер деңгейінде қалыптасады. Дескрипторлар бакалаврлардың келесі қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелерін көрсетеді:

- 1) осы саладағы озық білімге негізделген кадастр саласындағы білім мен түсінікті көрсету;
- 2) кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдерді тұжырымдау және кадастр саласындағы мәселелерді шешу;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, ойды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;
- 4) кадастр саласындағы ақпаратты, идеяларды, мәселелер мен шешімдерді хабарлау;

5) кадастр саласында одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын игеру.

6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды кадастрдың зерттелетін саласында қолдану;

7) кадастрдың зерттелетін саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану;

8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениет маңыздылығын түсіну.

3.5 Кәсіби құзыреттер

Бейіндік пәндер циклінің модульдерін зерделеу бакалаврлардың «Кадастр» ББ бойынша келесі кәсіби құзыреттерді игеруіне бағытталған:

1. жер-мүліктік қатынастарды реттеуде құқықтық, экономикалық және әкімшілік ережелерін қолдану қабілеті;

2. жерді ұтымды пайдалану және қорғау мақсатында жер ресурстары туралы білімді пайдалану қабілеті;

3. аумақты тиімді ұйымдастыру үшін жерді және өзге де жылжымайтын мүлікті пайдаланудың отандық және шетелдік тәжірибесін қолдану қабілеті;

4. жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру, жер-кадастрлық кітапты және жер мен жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік тізілімін толтыру, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

5. ГАЖ технологиялары негізінде жер және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерінің сандық және сапалық есебін жүргізу;

6.3 әдіс негізінде жердің және өзге де жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық және нарықтық құнын анықтай білу;

7. жылжымайтын мүлікке салық салудың кадастрлық құны мен мақсаттарын айқындау үшін олардың сызбаларын жасау және оларға түзету коэффициенттерін белгілеу арқылы жерлерді аймақтарға бөлуді жүргізу;

8. жер мониторингін және жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9. жерді сандық және сапалық есепке алу деректері, цифрлық жер-кадастрлық карталар негізінде ауданның, облыстың және ҚР жер балансын жасау;

10. жер және өзге де жылжымайтын мүлік объектілеріне түгендеу жүргізу, техникалық паспорттар жасау;

11. кадастр және жер қатынастарын реттеу саласындағы міндеттерді шешу кезінде ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске енгізе білу;

12. кадастр, жер-мүліктік қатынастарды бағалау және реттеу саласындағы кәсіпкерлік қызметте білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдану қабілеті және т.б.

4 Кәсіби практикадан өту базасы

Оқу барысында «Кадастр» ББ бойынша бакалаврлар практиканың келесі түрлерінен өтеді:

1) Оқу практикасы: - Геодезия; -Топырақтану, - Кадастрдың теориялық негіздері; Кадастрдың ГАЖ.

Оқу практикасынан өту базасы «Геодезия», «Топырақтану», «Кадастр» кафедралары және С.Сейфуллин атындағы ҚАТИУ АӨК цифрландыру саласындағы технологиялық құзыреттілік орталығы болып табылады.

2) өндірістік практикалар-2,3,4 курстарда;

3) өндірістік және диплом алдындағы практика – 4 курста.

Өндірістік және диплом алдындағы практикадан өтудің негізгі базалары:

- «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалы;
- Талдықорған қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалы;
- Ақтөбе қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалы;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жезқазған қаласы бойынша филиалы,
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қостанай облысы бойынша филиалы;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Ақмола облысы бойынша филиалы;
- «Целиноград ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ;
- «Мемградкадастр» РМК;
- «Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ;
- «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Ақмола облысы бойынша филиалы, Астрахан ауданының тіркеу және жер кадастры бөлімі;
- «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы, Мақтаарал аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі;
- Мемлекеттік корпорацияның Атырау облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ филиалы, Атырау қаласының аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі;
- Мемлекеттік корпорацияның «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы;
- «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы, Казталов аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі;
- «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы;
- «Ерейментау ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ;
- «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы, Арал ауданының бөлімі және т.б.

5 Білім беру бағдарламасының құрылымы

№	Циклдар мен пәндердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде
1	2	3	4
1	Жалпы білім беру циклі пәндер (ЖББ)	1680	56
1)	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақ (орыс) тілі	300	10
	Шет тілі	300	10
	Дене шынықтыру	240	8
	Қазақстан тарихы	150	5
	Мәдениеттану және психология	120	4
	Саясаттану және әлеуметтану	120	4
	Философия	150	5
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	150	5
2)	Таңдау компоненті	150	5
	Инновациялық кәсіпкерлік		
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері	5	5
	Экономика және құқық негіздері		
	Ғылыми зерттеу әдістері		
	Экология және тіршілік қауіпсіздігі		
2	Базалық пәндер циклі (ДБ)	2850	95
1)	Міндетті компонент	60	2
	Өндірістік практика	180	6
2)	ЖОО компоненті:	2700	90
	Кәсіби бағытталған шет тілі	90	3
	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	90	3
	Геодезия бойынша оқу практикасы	30	1
	Топырақтану бойынша оқу практикасы	30	1
	Кадастрдың теориялық негіздері бойынша оқу практикасы	30	1
	Кадастрдағы ГАЗ бойынша оқу практикасы	30	1
	Жерге орналастырудың теориялық негіздері	120	4
	Кадастрдың теориялық негіздері	150	5
	Жобалар мен карталарды графикалық безендіру	180	6
	Геодезия	120	4
	Сандық картографиялау	120	4
	Фотограмметрия және жерді қашықтықтан барлау	90	3
	Жер ресурстарын басқару	150	5
	Жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру	150	5
	Топырақтар бонитировкасы	150	5
	Жер мониторингі	150	5

	Табиғи қор кадастры	150	5
	Кадастрдағы ғылыми зерттеулердің негіздері	150	5
	Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйелері	150	5
	Кадастрдағы геоақпараттық жүйелер	150	5
	Кеңістіктік геоақпараттық талдау	150	5
	Аумақтық жоспарлау негіздері	150	5
	Жерді пайдалануды және қорғауды мемлекеттік бақылау	150	5
3)	Таңдау компоненті	90	3
	Топырақтану	90	3
	Егіншілік		
3	Бейіндеуші пәндер циклі (ПД)	2370	79
1)	Міндетті компонент	420	14
	Өндірістік практика	180	6
	Диплом алдындағы практика	240	8
2)	ЖОО компоненті:	1800	60
	Жылжымайтын мүлікті бағалау	150	5
	Жерді кадастрлық бағалау және аймақтау	150	5
	Жер және мүлікке салық салу	150	5
	Кадастр жүйесіндегі электрондық қызметтер	150	5
	Жер-кадастрлық ақпаратты пайдалану	150	5
	Елді мекендерді орналастыру және жер шаруашылығын құру	150	5
	Жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау және болжау	150	5
	Жер құқығы	150	5
	Жер кадастры мен жылжымайтын мүлік бағалау саласындағы нормативтік құжаттар	150	5
	Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу	150	5
	Жылжымайтын мүлікті тіркеу және түгендеу	150	5
	Қала құрылысы кадастры	150	5
3)	Таңдау компоненті		
4	Оқытудың қосымша түрлері (ІАҚ)	360	8
5	Қорытынды аттестаттау модулі	360	8
	Барлығы	7200	240

		Топографиялық түсірулер. Қоюландырудың жоспарлы және биіктік желілері. GPS технологиясы																	
4	Кадастрдағы геоақпараттық жүйелер	Геоақпараттық жүйелер және олардың жіктеу. Растрлық деректер моделі. Векторлық деректер моделі. Енгізу деректері. Атрибуттық негіздер деректері. ГАЗ-де талдау және сұраулар. Тақырыптық картаға түсіру. Деректерді шығару. ГАЗ-де беті. Сандық рельеф моделі. ГАЗ-да автоматтандыру. Электрондық картаны басып шығаруға дайындау	5																+
5	Жерді пайдалануды және қорғауды мемлекеттік бақылау	Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау ұғымы және мазмұны. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау түрлері мен әдістері. Жіктеу жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізудегі жерге орналастыру қызметінің рөлі мен функциялары. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі органдар жүйесі Жер инспекциясы органдарының орны, рөлі және құзыреті	5																+
6	Жобалар мен карталарды графикалық безендіру	Сурет салу құралдары, олардың мақсаты. Жер-кадастрлық графикалық құжаттарды рәсімдеу кезінде пайдаланылатын қаріптер. Топографиялық шартты белгілердің сипаттамасы. Жерге орналастыру шартты белгілері. Шартты белгілердің жіктелуі. Жерді пайдалану жоспарының құрамдас бөліктері мен орналасуы. Сурет жұмыстарын автоматтандыру туралы түсінік. Графикалық ақпаратты шығару құрылғылары. Графикалық ақпаратты енгізу құрылғылары	6				+												
7	Табиғи қор кадастры	Табиғи ресурстардың жіктелуі және қысқаша сипаттамасы. Кадастрлық түрлері мен түсінігі. Табиғи кадастрдың міндеттері мен принциптері. Жер кадастры Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кадастры; пайдалы қазбалар кен орындарының кадастры. Табиғи ресурстар кадастрын шетелде дамыту.	5					+											
8	Жер мониторингі	Жер мониторингінің негізгі ұғымдары, мақсаттары, міндеттері және принциптері. Жер мониторингінің құрылымы. Мониторингтік зерттеулер. Жерді кешенді түгендеу. Қоршаған ортаның ластануы. Жер мониторингінің аймақтық жүйесі. Жер мониторингін ғылыми және техникалық қамтамасыз ету. Шетелдегі жер	5					+											

		мониторингі.																
9	Жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру	Жер-кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жоспарлаудың теориялық негіздері. Жер кадастры бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі. Жерге орналастыру мен кадастрлық өндірісті ұйымдастырудың ұйымдық-экономикалық ерекшеліктері. Жер-кадастрлық жұмыстардың мазмұны. Жер кадастры және жерге орналастыру бойынша жұмыстағы еңбекті нормалау. Жерге орналастыру өндірісінің сапасын басқаруды ұйымдастыру. Жер кадастры бойынша кәсіпорындарда қаржылық жоспарлау.	5							+								
10	Кадастрдағы ғылыми зерттеулердің негіздері	Ғылым және ғылыми зерттеулер туралы жалпы мәліметтер. Ғылыми зерттеулердің құралдары мен әдістері. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезеңдері. Кадастр саласындағы эксперименттік зерттеулердің деректерін статистикалық өңдеу. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін рәсімдеу. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы.	5						+									
11	Аумақтық жоспарлау негіздері	Аумақтық жоспарлаудың теориялық аспектілері. Аумақтық жоспарлау құжаттары. Қала құрылысы жүйелерін жоспарлау ұйымы. Қала құрылысын дамытуды жоспарлаудағы аумақтық ресурстарды талдау және бағалау. Қала құрылысын дамытуды басқарудың кешенді жүйесінің моделі	5							+								
12	Кеңістіктік геоақпараттық талдау	Кеңістіктік талдау ұғымы және оның түрлері. Жұмыс процесі және кеңістіктік талдау әдістері. Растрлық талдау. Жақындық талдауын орындау. Векторлық және растрлық деректердің қабаттасуын талдау. Кеңістіктік құрылымдық және уақыттық заңдылықтарды талдау	5															+
13	Кәсіби бағытталған шет тілі	Кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру, жазбаша және ауызша ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін кәсіби шет тілін меңгеру, сөйлеу қызметін одан әрі дамыту үшін болашақ мамандардың кәсіби шет тілінде сөйлеуін қалыптастырады. Әлеуметтік-тұрмыстық және академиялық салалардағы қарым-қатынас стилі мен сипатына байланысты кәсіби қарым-қатынас жағдайларына сәйкес сөйлеу тәртібі ережелері.	5		+													
14	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Қазақ (орыс) кәсіби әдеби тілінің барлық нормаларын сақтай отырып, жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырады; мамандық бойынша кәсіби мәтіндерді	5		+													

		оқу кезінде әртүрлі функционалдық стильдегі кәсіби мәтіндердің мағыналық құрылымдық ерекшеліктері туралы білім, коммуникативтік дағдылар және сөйлеу дағдылары.													
15	Жерге орналастырудың теориялық негіздері	Ауыл шаруашылығындағы негізгі өндіріс құралы ретінде жердің рөлі мен ерекшеліктері. Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жер пайдалану. Заңды жер қатынастарының дамуының мәні мен заңдылықтары. Жерді басқару құқықтық, экономикалық, экологиялық және техникалық шаралар жүйесі ретінде. Пішіннің тұжырымдамасы, мақсаттары мен мазмұны, жерді басқару принциптері мен түрлері. Жерге орналастыру шешімдерін қабылдауға әсер ететін факторлар. Жерді басқару процесі, оның мазмұны мен тәртібі. Жерге орналастыру жобалау тұжырымдамасы.	4		+										
16	Кадастрдың теориялық негіздері	Жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру жөніндегі жер заңнамасы. Жер ресурстарын басқару және ұтымды пайдалану мәселелерін шешу үшін жер-кадастрлық ақпаратты пайдалану. Кадастрды оның мақсаты мен аумақтық бөлінуіне қарай талдау. Салынған аумақтардағы кадастрлық жұмыстар, әртүрлі жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық есебін жүргізу ерекшеліктерін белгілеу. Жылжымайтын мүлік объектілерін кадастрлық есепке алу технологиясы. Кәсіби қызмет бейіні бойынша заңнама негіздері және нормативтік-құқықтық құжаттар.	5		+										
17	Жер ресурстарын басқару	Басқару жүйесінің негізгі теориялық жағдайы. Жер ресурстары мен басқару объектісі ретінде. Жер өндіріс құралы ретінде. Жер ресурстарын басқарудың негізгі әдістері. Жер ресурстарын басқару объектісі ретінде Қазақстан Республикасының жер қоры. Жер мониторингі. Жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органдар, олардың функциялары. Жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың әкімшілік-құқықтық механизмі.	5							+					
18	Фотограмметрия және жерді қашықтықтан барлау	Жер бетінің қашықтан зондтау әдістері, фотограмметриялық құралдармен жұмыс істеу дағдысы, стерео құрылғыларды қолдана отырып әртүрлі инженерлік проблемаларды шешу, нүктелердің координаттары мен биіктігін анықтау және өлшеу, стерео модельдерді қолдану	3			+									+

		арқылы жоспар құру. Геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жер бетінің үлгілерін жасау. Ғылыми-тәжірибелік қызметте аэроғарыштық бейнелерді пайдалану бағыттары.													
19	Сандық картографиялау	Сандық картографияның теориялық негіздері. Терминдер мен анықтамалар (цифрлық картография, цифрлы картография, цифрлы картографиялық өнімдер, сандық картографиялық өнімдер). Картографиялық мәліметтер қорын қалыптастыру және пайдалану, картографиялық ақпарат пен қашықтықтан зондтау материалдарын енгізу-шығару құрылғысы. Сандық картография және аэроғарыштық бейнелер, ақпараттың логикалық-математикалық өңдеуі, стандартты бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану	4			+									+
Негізгі пәндер циклі Таңдау компоненті															
20	Егіншілік	Пән егіншілік заңдарын, топырақ құнарлылығын арттыру жолдарын, егіншілік режимдерін оңтайландыруды, ауыспалы егістіктің ғылыми негіздерін, жіктелуі, аймақтық ерекшеліктерін, ауыспалы егісті енгізуді және игеруді, топырақты өңдеудің ғылыми негіздерін, топырақты өңдеудің аймақтық ерекшеліктерін, топырақты өңдеу сапасын агротехникалық бағалауды үйретеді.	3			+									
21	Топырақтану	Бұл пәнді оқу келесі бөлімдер бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді: жер қыртысының құрылымы, минералогиялық және химиялық құрамы, топырақ түзілу факторлары мен процестері, шығу тегі, топырақтың минералды және органикалық бөлігінің құрамы, топырақтың физика-химиялық қасиеттері, топырақтың генезисі мен жіктелуі, топырақ эрозиясы, топырақ құнарлығы мен оның жоғарылауын бағалау әдістемесі, елдің әртүрлі аймақтарында дақылдардан тұрақты өнімін алудағы құнарлылықтың оңтайлы параметрлері және топырақтың қасиеттері.	3			+									
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті															
22	Жерді мемлекеттік	Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алудың жалпы ережелері. Құқықтық кадастрдың жүргізілуі және құрамы.	5											+	

	тіркеу және есепке алу	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібі. Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру. Жердің саны мен сапасын есепке алу. Жер балансын құру. Жерлерді мемлекеттік тіркеу мен есепке алуды құқықтық қамтамасыз ету																
23	Қала құрылысы кадастры	Қала құрылысы кадастрының жалпы ережелері. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының мазмұны және құрамы. Аумақтарды дамыту мен салуды қала құрылысын жоспарлау. Қала құрылысы кадастрының деректер қорын құру үшін ақпараттарды құру және ұйымдастыру тәртібі. Қала құрылысы кадастрының ережесі. Қала құрылысы кадастрын жүргізу тәртібі	5															+
24	Елді мекендерді орналастыру және жер шаруашылығын құру	Қоныстандыру жүйелері мен формалары. Елді мекендердің жіктелуі қалалық жерлер санаттары және олардың функционалдық мақсаты. Құрылыс салу жерлерінің құрамы және оларды пайдалану тәртібі. Елді мекеннің жер-шаруашылық құрылысы жобасын жасау.	5															+
25	Жер құқығы	Жер құқығының түсінігі мен көздері. Жерге құқық қатынастары, жерге меншік құқығы, жерді пайдалану құқығы. Жер процесі туралы түсінік, жер-процессуалдық нормалар және олардың түрлері. Жер құқық бұзушылықтары үшін заңды жауапкершілік. Жер дауларын шешу. Санаттар бойынша жердің құқықтық режимі	5															+
26	Жер-кадастрлық ақпаратты пайдалану	Жер-кадастрлық ақпараттың түрлері. Жер кадастрының мәліметтерін ақылы жер пайдалану жүйесінде, бонитет балын есептеу кезінде қолдану	5															+
27	Жерді кадастрлық бағалау және аймақтау	Жалпы ережелер және кадастрлық бағалау мен жерді аймақтарға бөлуді құқықтық қамтамасыз ету. Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын және оларға түзету коэффициенттерін есептеу. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен елді мекендердің кадастрлық құнын есептеу әдістемесі. Жерді аймақтарға бөлу түрлері және олардың сипаттамалары. Жерді олардың нысаналы мақсаты мен пайдалану режимі бойынша аймақтарға бөлу схемаларын әзірлеу	5															+
28	Жер және мүлікке салық салу	ҚР-да жер мен жылжымайтын мүлікке салық салудың теориялық негіздері. Жер және жылжымайтын мүлікке салық салудың заңнамалық базасы. Мүлік салығының түрлері және олардың сипаттамалары. Салық салу	6															+

		мақсатында аумақты аймақтарға бөлу әдістемесі. Жер және мүлік салығын есептеу.																		
29	Жер кадастры мен жылжымайтын мүлік бағалау саласындағы нормативтік құжаттар	Кадастр және жылжымайтын мүлікті бағалау саласындағы заңнамалық база. Кадастр, Жер ресурстарын басқару, жылжымайтын мүлікті бағалау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және т. б. саласындағы нормативтік құжаттар, негізгі ережелер және қолдану саласы.	5																+	
30	Жылжымайтын мүлікті бағалау	Жылжымайтын мүлікті бағалаудың теориялық негіздері. Бағалау қызметін құқықтық қамтамасыз ету. ҚР бағалау стандарттары. Жылжымайтын мүлікті бағалауға кіріс тәсілі. Капиталдандыру әдістері. Ақша ағындарын дисконттау әдісі. Жылжымайтын мүлік құнын шығындар тәсілімен бағалау. Тозуды есептеу. Аяқталмаған құрылыс объектілерінің құнын бағалау. Салыстырмалы тәсілмен жылжымайтын мүлік құнын бағалау. Бағалау туралы есеп жасау.	5																+	
31	Жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау және болжау	Жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау және болжау міндеттері. Әдістемесі, әдістері, тәсілдері және болжамдардың сенімділігі. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Республиканың жер қорын пайдалану және қорғаудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған схемасы. Облыс жерлерін пайдалану және қорғау схемасы. Жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды болжаудың әлемдік тәжірибесі болжаудың әлемдік тәжірибесі.	5																+	+
32	Жылжымайтын мүлікті тіркеу және түгендеу	Жылжымайтын мүлікті тіркеу және техникалық түгендеудің теориялық негіздері. Техникалық түгендеу объектілері. Тозу анықтамасы. Жылжымайтын мүлік объектілеріне түгендеу ісін жасау. AUTO CAD бағдарламасында техникалық паспортты жасау. Негізгі және қосалқы жылжымайтын мүлікке кадастрлық нөмір беру	5																+	
33	Кадастр жүйесіндегі электрондық қызметтер	ҚР-да электрондық үкіметтің қалыптасуы мен дамуы. E-gov жүйесіндегі кадастрдың рөлі. Электрондық үкімет жүйесінде, жылжымайтын мүлік кадастры жүйесінде көрсетілетін қызмет түрлері.	5																	+

	Обязательный компонент (БД/ОК)	2	0	0	0	0	60	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2	0	0	0	0
	Вузовский компонент (В/ВК)	60	19	0	0	2700	290	120	435	0	90	348	1437	10	10	18	21	15	11	5	0
	Компонент по выбору (П/КВ)	3	1	0	0	60	15	0	15	0	0	12	48	3	0	0	0	0	0	0	0
3	Профилирующие дисциплины (П/Д)	81	12	0	0	2430	195	30	330	0	600	244	1631	0	0	0	0	15	19	25	22
	Обязательный компонент (П/ОК)	20	0	0	0	600	0	0	0	0	600	0	0	0	0	0	0	0	9	0	11
	Вузовский компонент (П/ВК)	61	12	0	0	1830	195	30	330	0	0	244	1031	0	0	0	0	15	10	25	11
	Компонент по выбору (П/КВ)	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
	Итого по учебному плану	232	0	0	0	6360	570	180	1230	0	730	838	3392	30	30	30	30	30	30	30	22
4	Дополнительные виды обучения																				
	Модуль итоговой аттестации (ИИА)																				
5	Итого с уч. ИИА										8										
											240										2260,0

Экзамены (сессия)* - Итоговой формой контроля по Физической культуре и видам профессиональной практики является дифференцированный зачет.

Модульный учебный план составлен в соответствии с типовым учебным планом специальности (утв. Приказом МОН РК от 16.03.2013г. № 343), ГОСО (утв. Приказом МОН РК от 25.08.2012г. № 080), модулем образовательной программы специальности.

Модульный учебный план рассмотрен и утвержден на заседании методической комиссии факультета, протокол № от 20__г.

Директор ДАВ
Заместитель директора ДАВ
Декан факультета
Заведующий кафедрой

Журденко Жаннабай Сергеевна
Толубева Жанна Викторовна
Асанов Емант Жауапсаров

